Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором KL 10-01

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

"Абай поэзиясындағы жалпыадамзаттық құндылықтар көрінісі және оның ілімі."

Абай Құнанбаев - қазақ халқының ұлы ақыны, дана ойшылы, философы, ағартушы және қоғам қайраткері. Абай атамыздың поэмалары, қарасөздері қазақ халқының рухани байлығын, мәдениетін айқындайтын туындылар. Абайдың поэмалары - қазақ халқының ұлттық мүддесін, халқының рухани болмысын, оның тәрбиелік және мәдени мәселелерін терең оймен баяндайтын шығармаларының бірі.

Абай Құнанбаев поэмалары ұлттық құндылықтарға толы, әсіресе Абай атамыз өз шығармаларында адамгершілік, әдептілік, тәрбиелік мәселелерді қозғайды. Мысалы: білімнің және оқудың маңыздылығы, қоғамдағы тәрбиенің қажеттілігі, тіл мен мәдениеттің сақталуы секілді мәселелер Абай атамыздың поэмаларында жиі кездеседі. Абай ғылым мен білімді, адамгершілікті қазақ халқының дамуындағы басты құрал ретінде көреді. Ол "Білімсіз, оқымаған адам - адам емес" деп пайымдайды. Ұлттың болашағы біліммен, адамгершілікпен тығыз байланысты екенін айтады. Абай атамыз қазақ қоғамының рухани жағдайын, адамгершілік, әдептілік, еңбекқорлық сияқты қасиеттердің дамуына мән береді. Абай өз поэмаларында халықты жаңаша ойлауға, әркімнің өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, әлемдік жетістіктерге жету үшін кедергілерден арылуға шақырады. Абай Құнанбаев үшін ұлттың дамуы мен болашағы тек біліммен, жақсы мінез-құлықпен, ғылым мен өнерді игерумен байланысты. "Ұлттың болашағы тек оқу білімді, ұяты бар, еңбекқор адамгершілігі мол, әдепті адамдармен өлшенеді" деген үзіндіде Абай атамыздың білім мен тәрбие беру, адамгершілік пен еңбекқорлықты сол уақытта ұлттық қоғам үшін, жалпы адамдар үшін өте маңызды екенін білдіреді

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Абайдың поэмаларында тек болашаққа керек құндылықтар пай-даланады.

Отырып қорытындылай келе, Абайдың поэмаларында адамгершілік, тәрбиелік, рухани мәдениет, білім, еңбекқорлық сияқты құн-дылықтар дәріптеледі. Абай әр ұрпақтың болашағы үшін, қоғам үшін, адамдардың дұрыс жолға түсуі үшін барлық еңбектерін ұлттық мүддеге, құндылықтарға бағыттаған.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором kl 10-02

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Жалпы Абай Құнанбаев қарап тұрсақ өзінің өлеңдерімен, қара сөздерімен талай ащы шындықты айтқан. Өзінің өмірінің соңында қайғымен, әсиет жазумен өтті. Қайғыға екі себеп болды. Оң біріншісі тура бірдей екі ұлынан айырылғаны болса, екіншісі не ақыл айтатын, не жанын ашитын адамның болмағандығынан. Жан-жағында бәрі надан болған соң, барлық ойын қағаз бетіне жазды. Мысал ретінде бірінші қара сөзінің соңында „Айтқан сөздерімді керек қылғаны алсын, ал керек болмаса өз сөзім өзіме" деп баяндайды. Өйткені надан адамға түсіндіргенше, қабырға-мен сөйлескен жүз есе артық. Сондықтанда Абай атамыз ең бірінші орында білім деп айтқан. Білімі бар, оқыған, тоқыған адам ешқашан жерде қалмайды. Ал білімсіз, надан адамның күйі бәрімізге белгілі. Осында Абай сегіз аяқ өлеңінде былай пайымдаған:
Білгенге маржан, білмеске арзан,
Надандар баһра ала алмас.
Бәһра дегеніміз олжа. Надан адамның күйі көрін. Наданның түр-түрі болады. Мысалға өз ойы жоқ, жүз мінезді жанды айтамыз. Абайдың өзі осы сөздерді айтқанына екі ғасырдан астам уақыт өтседе бәрі әлі айдай кейіп тұр. Сол баяғы надандар, сол баяғы еріншектер. Өз халқынан, қайран жұртынан ұ, көңілі қалған соң, тек қана өзіне сенуді жөн көреді. Осы ойын бізге де „Өзіңе сен өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап" деп өсиет қылады. Болашақта айтарым, Абайды тыңдап, Абайды оқып өскен бала жерде жатпайды. Бірақта әлі дейін осы екі ғасырда Абайдан асып түсетін дана туылмады.

Абай поэзиясындағы жалпыадамдық құндылықтар көрінісі және ақын ілімі.

Қазақтың бас ақыны, ағартушы, ұлт санасын оятқан, ағартушы, көркем сөз шебері, қазақ әдебиетінің негізін салушы мен жарқын жұлдызы — Абай Құнанбайұлы. Абай қазақ поэзиясына үлкен мұра қалдырған ғұлама ойшыл. Өзге жетік шешеннің артында қалдырған мұрасы, өлең сөздері өшпес із болып қалатын шығармашылығы. Ханім Абайдың шығармашылығы терең ой саларлық асыл мұра.

Ақын Абайдың қазақ поэзиясында орын тапқан шығармаларының мәні қандай?

Менің ойымша, Ұлы Абайдың шығармалары өзіндік тәрбиелік мәні зор, жазба әдебиетте маңызы мол асыл қазына. Ұлық ақын өз шығармашылық жолында қағаз бетінде көптеген мәселелер талқылайды. Адамның ізгі қасиеттері, адамгершілік, рухани-мәдениеттілік, ілім-білім, өнер-өнеге, еңбек тақырыптары ақынның өлең жолдарында ерекше көрініс тапқан, сол заманның өзекті мәселелерінің айқын бейнесі. Абай қара сөздерінде білімге құштар болуға, ғылымды іздеуге, ерінбей еңбек қылуға, рухани бай адам болуға шақырады. Абай ұлт сана-сезімін оятатын, жанға жақын сөздерімен жазған ақын. Ғұлама ойшыл ішкі жан сырын, қайғы-мұңын, уайымын өлең шумақтары арқылы білдіреді. Абай елінің надандығына ашуланып ызаланса да, халқының амандығын тілеген ұлт жанашыры.

"Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсыменен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың" - деп, қоғамның надандығына, душар халіне күйінген Абай өзінің өмір жолын, өмірдің ащы шындығымен ұштастырып шығармашылығына арқау еткен. Абайдың сөздерін ұғынып, түсініп оқитын, қасынан табылып бағыт-бағдар берер сырласы болған жоқ. Абай халық тұрмысын жанға батарлық сөзбен айтса да, жаман болсын деп айтқаны емес, жақсы болсын деп ұлтының көкірек көзі ашылып, көңілі ашық болғанын қалап жазғаны. Жұрттан, сол заманның әділетсіздігінен түңілседе, Абай қасиетті ана тілінен, кең байтақ жерінен, ата қонысы мекенінен алшақ кетпеген емес. Оның өмірге деген көзқарасын бөлетін адам саны шамалы болса да, ақ қағаз бен қара сияны ермек етіп, шығармашылығын тастамаған. Абай Құнанбайұлы туған жеріне деген сүйіспеншілігін, өсіп сезімін өлең жолдары арқылы білдірген тұлға.

Қорыта келе, Абай Құнанбайұлы - ұлт мақтанышы. Абай қазақ қоғамының рухани, мәдени дамуына ерекше ықпал еткен есімі алтын әріппен жазылатын тұлға. Әділдіктің символына айналған Абай шығармашылығы баға жетпес құнды мұра. Болашақ жастарға үміт артқан, келешекке сеніммен қараған ақын бейнесі қазақ әдебиетінде мәңгі қала-

Ендеше, Қазақстан Республикасының әр рухты азаматтарын, намысшыл жастарын көктей туымызды желбіретіп, еліміздің көркейіп өсуіне үлес қосуға шақырамын! Ата-бабаларымызды ұмытпай, тарихымызды құрметтеп, қазақтардың кемелденуіне атсалысқан терең ойлы, еңбегі мол жандардың еңбегіне қиянат жасамай, асыл қазынамызды келешек ұрпаққа сақтайық!

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: KL 10-04

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

„Абай поэзиясындағы жалпыадамдық құндылықтар көрінісі және ақын ілімі"

„Абай-қазақтың ұлттық мәдениеті тарихында теңдесі жоқ тұлға".

Мұхтар Әуезов.

Қазақ даласының жүрегінде мәңгілікке өшпестей із қалдырған, ой мен сезімнің алтын көпірін салған даналықтың жаратқан ұлы - Абай Құнанбайұлы. Ол қазақтың асыл қазынасы, ұлттың рухани ұстазы, ағартушы ақыны. Оның сөздері халқымыздың жүрегіне ұялаған терең ойлар мен қара сөздері арқылы қазақтың болмысын, өмір сүру мәнін, арман-мұратын, ұлтты жетілдіру жолдарын ұсынды. Ол өзінің шығармашылығында адамгершілік, білім, әділдік, махаббат секілді азаматтың басты құндылықтарын ұлықтап, солардың негізінде жаңа көзқарас қалыптастыруға ұмтылды.

Абай-мәңгілік ұлы тұлға, оның көзқарастары мен ойлары ғасырдан ғасырға өтіп, әр ұрпақтың жүрегіне нұр шашып, оны оятуда. Оның „Қалың елім, қазағым, қайран жұртым" деп жан айқайын жеткізуі - өз халқына деген шексіз сүйіспеншілік пен алаңдаушылықтың көрінісі. Ол халықтың бойындағы жалқаулық, алауыздық секілді кемшіліктерді ашық сынап, өлең арқылы түзетуге шақырды.

Абайдың „Сегізаяқ" атты өлеңі халқына ой тастап, болашаққа жетелейтін жол көрсетуші бағдар. „Сегізаяқ" өлеңі қазақ әдебиетінде, құрылымы мен мазмұны арқылы ерекшеленеді. Оның әр шумағы сегіз жолдан тұрады, бұл оған белгілі бір әуезділік пен ырғақтылық береді. Онда терең философиялық тұжырымдар бар, солардың бірі: „Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға" деген жолдарында адамның әрісі, әр қадамы саналы, ұстамды болуы керек деген ұлы ақиқатты жеткізеді.

Қара сөздерінде, Абай адамзаттың биік шыңын көрсетті. Әсіресе, „Толық адам" тұжырымында ол адалдық, парасат, жүрек пен ақылдың үйлесімін басты құндылық деп ұсынады. Ол адамзаттың рухани кемелденуі

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ

мен моральдық түзелуін басты мақсат еткен. Абайдың ойынша, білім адамды надандық тұзағынан құтқарып, оның дүниетанымын кеңейтетін қуатты күш. „Ғылым мен білімсіз адам болмас" деген пікір Абайдың бүкіл шығармашылығының негізі болып табылады. Ол қазақ қоғамының дамуы үшін білімнің, ақыл-парасаттың алатын орны мен маңыздылығын ерекше атап өткен.

Абайдың „Қалың елім, қазағым, қайран жұртым" деп басталатын сөзі халқына деген сүйіспеншілігін, әрі оның дамуына деген ұлы үмітін білдіреді. Ол өз халқын дұрыс бағытта тәрбиелеуді басты парызы санап, сол үшін өмірін сарп еткен тұлға. Абайдың сөзі - бізді ізгілікке шақырып, осы жолда өз болмысымызды өзгертуге үндейді.

Өз ойымды, қорытындылай келе, Абайдың мұрасы бүгінгі күнде де өз мәнін жоғалтпай, әр ұрпақтың жүрегіне жол табады. Оның шығармаларындағы терең ойлар мен сөздер қазақ халқының болашағына бейімделген. Біз ұрпақтар, Абайдың ілімдерін түсініп, оларды өз өмірімізде қолдана білуіміз керек. Ұлтының дамуы тек білім мен тәрбие арқасында жүзеге асады, сол себепті әрбір қазақ өзгенің емес, өзінің ұлттық болмысын, мәдениетін сақтау және өркендету жолында еңбек етуі тиіс. Абайдың сөзімен айтқанда: „Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң арқалан". Абайдың даналығы - халқымыздың мәңгілік құндылығы, болашаққа жарық жол сілтейтін сәуле болып қалады.

„Абай поэзиясындағы жалпыадамдық құндылықтар көрінісі және ақын ілімі"

Абай Құнанбайұлы - ғұлама ақын, дана, халқының тәлімгері, әлем мойындаған ұлы ойшыл. Ұлы ақынның еңбектерінің көбісі өз жұртына арналған. Дана қазақ халқын қараңғылықтан шығарып, көздерін ашып, дұрыс жолды көрсетіп, сол жолға ерdайым бағдар беріп, сілтеген.

Жалпы, Абай Құнанбайұлының поэзиясының мәні - тереңде жатыр. Ақын философиясының негізі - адамгершілік, құдайшылық пен басқа да игі қасиеттерді адамдардың бойларына баулып, білім мен ғылымға деген құштарлығын ояту.

Бұл философиясының негізін дәлел ретінде келтіретін болсам, Абай атамыздың екі қарасөзіне тоқталғым келеді.

Негізі, қарасөз жазуға шешімін ақын жер ортасы жасқа келген кезде қабылдайды. Мал бағу, бала бағу, ғылым бағудан қажып, өзінің өмірлік ой-түйінділерін ақ қағазға түсіре бастайды.

Мен ерекше жазып кеткім келетін қарасөздері: „Он жетінші" және „Отыз екінші" - болып табылады.

„Он жетінші" қарасөзінде ұлы ойшыл адам баласын „толық адам" болуға шақырады. Бұл жерде „толық адам" - ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстай алатын адам. Абайдың пайымдауынша, егер пенде осы үшеуін бірдей ұстай алса, онда ол басқалардан бөлек, адамзаттың басқа сатысына өрлей алады. Ал, егер үшеуі ала болса, тым болмаса, жүректі таза ұстауға жалпының керектігін баса айтады. Себебі жүрек - тіршіліктің иесі, жанның панасы.

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Адамгершілік те, құдайшылық та, бар игі қасиеттер де,— оның өзінде болады. Адамның таза жүрегі жирші болса, ақыл мен қайрат оған бағынып, жақсы істерді жасауда көмекші болады. Бұл қарасөзінің құндылығы-осында.

Ал „отыз екінші" қарасөзінде, Абай Құнанбайұлы білім сусындаған талапкерлерге арнап, ғылымға жетудегі ең маңызды алты шартын атап кетеді:

Біріншісі-білімді өз жеке пайдаң үшін ғана емес, ізгі ниетпен алуың керек. Ғылымға местірлене қарасаң, ол да местірлене қарайды.

Екіншісі-білімді ақиқат үшін іздеу керексің, ақиқатты білмей, сен оны игере алмайсың.

Үшіншісі- ол ақиқатты тапқаннан кейін, оны „көзіңнің қарашығындай" сақтап, қорғап қалуың керек.

Төртіншісі- білім-ғылым іздеудің жолында төзімділіктің маңызын ескеру қажет. Тек төзімді адам өз ісін соңына дейін жеткізе алады.

Бесіншісі- уайымсыз салғырттықтан қашық болуың қажет.

Алтыншысы- мінезіңді жаман жаққа өзгертіп алма. Мінезі, ойы жақсы кісіге сапалы білім қонады.

Бұлар, жоғарыда жазып кеткенімдей, ғылым іздеу жолындағы білу қажет ең маңызды шарт. „Отыз екінші" қарасөзінің даналығы- бұл жерде тұнып тұр

Негізінде, адам баласы адам баласынан адамгершілік, ар, ұят, ақыл-парасаттылығымен озбақ. Қазақ халқының данышпанының қарасөздерін оқыған адам- ешқашан далада қалмайды, керісінше, өз бойына игі қасиеттер-

ді сіңіріп, өмірлік сұрақтарына жауап таба алады.

Бұл қарасөздері- Абай поэзиясындағы жалпыадамдық құндылықтар көрінісі мен ақын ілімінің айқын дәлелі болып табылады

Қаныш және ғылыми майдан.

Қаныш Сәтбаев—қазақтың ең ұлы ғалымдарының бірі. Еліміздің геология ғылымының негізін қалап, Қазақстанның табиғи байлықтарын зерттеуге зор үлесін қосты. Қаныш Сәтбаевтың арқасында көптеген пайдалы қазбалар табылып, ел экономикасы қарқынды дамыды. Ғылымды майданға теңеу оның күрделі жолын, қажырлы еңбекті қажет ететінін әрі сипаттайды.

Қаныш Сәтбаевтың ең үлкен жетістіктерінің бірі—Жезқазған аймағындағы мыс кен орындарын ашуы. Бұл табыс Қазақстанның өндірістік күшін арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ол ғылымды дамытуды өз өмірінің басты мақсаты етті. Ол Қазақ Ғылым академиясын құрып, еліміздің ғылым саласын халықаралық деңгейге шығарды. Академияда көптеген жас ғалымдарды тәрбиелеп, қазақ ғылымының болашағын қамтамасыз етті. Қаныш атамыздың еңбекқорлығы, табандылығы мен отансүйгіштігі әрбір қазақ баласына үлгі.

Ғалымның еңбектері тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемге маңызды болды. Қаныш Сәтбаевтың ғылыми еңбектерін әлем ғалымдары да жоғары бағалаған. Қазақта „Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей" деген мақал бар. Қаныш Сәтбаевтың өмірі осы нақылды дәлелдейді—ол табанды еңбегімен биік шыңдарға жетті. Қаныш атамыздың өмірі мен еңбегі қазақ халқының болашағына қызмет етудің үлгісі болып қала берді. Оның „Ғылым халыққа қызмет етуі керек" деген ұстанымы бүгінгі күннің де өзекті мәселелеріне жауап береді.

Қаныш Сәтбаевтың өмірі—ғылымға деген адалдық пен елге қызмет етудің үлгісі. Оның еңбегі тек өткен заман үшін емес, бүгінгі және келешек ұрпақ үшін де бағалы. Ғылыми майдандағы қажырлы күресі—қазақ халқының рухани байлығы мен ғылымға деген сүйіспеншілігінің көрінісі. Сондықтан Қаныш Сәтбаевтың есімі біз үшін әрқашан мақтаныш. Біз оның мұрасын сақтап, одан өнеге алуымыз керек!

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором XL 10-07

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

2. Абай поэзиясындағы жалпыадамдық құндылықтар көрінісі және ақын ілімі.

Абай десек ең алдымен білім, тәрбие есімізге түседі. Хакім Абай - гуманист ақын. Қазақтың ұлы ері ұлы тұлпар ақыны. Абай атамыздың шығармашылығы "толық адам" көрінісін көрсетеді. Әр шығармашылығының өзіндік тәрбиелік мәнімен дұрыс жол көрсету қасиеті бар. Өз өмірінде қаншама қиындық көрсе де қалам мен қағазды ермек қылып, адам баласын өз өмірінің мәнін табуға жетеледі. Соның ішінде адами құндылық пен кемел ақын Абай Құнанбайұлының "Қара сөзінде" көрінісін тапқан. Сонда "Қара сөзін" жастарға беретін мағынасы қандай?

Біріншіден, өзім үшін тәрбиелік мәні де білімі де бар "он жетінші" қара сөз ерекше ұнайды. Себебі өзім үшін алған маңызды түйінім - білімнің сапалы болуы. Хакім Абай "Ғылым таппай мақтанба" деген, адам баласының болашағы үшін керегі де осы ғылым. Білім алуда талабын білмек керек. Алдымен білімге деген ынталы құштарлық басым болу керек. Құштарлық болса, алған біліміңді есіңде қалып, білмегеніңді білу үшін талабың пайда болады. Білім сапасына мысал келтірсек, қазіргі таңда оқушылар жоғары білім ордасына түсу үшін ҰБТ тапсырады. Сонда тестілеуді тапсыруға алу не тапсыра алмауы адамның білім сапасына байланысты. Себебі оқыған да ынталы

мақсаты бар. Абай атамыз осы шынайы мақсат адамдың ниетіне қарай өз орнына апаратынын көрсетеді. Х

Екіншіден, жалпыадами құндылыққа келетін болсақ, "Отыз екінші" қара сөзді алайық. "Отыз екінші" қара сөз "қайрат, ақыл, жүрек" дауынан басталады, яғни адам үшін маңыздысы қайсы. Сонда жалпы айтушыма жалпы құндылық үшеуінің бірінде емес, үшеуінде екенін түсіндіреді. Біразына зиялының таңдауы жүрекке түсті және мен оған келісемін. Себебі ақыл да қайрат та жақсылықпен қатар жамандыққа жүгінеді. Ал жүрек соқпаса адам өлі. Адамның жаны отырғаны осы жүрек. Таза жүрек қана адамға дұрыс жол көрсетеді. "Жүректің үнін тыңда, жүрегің нені қалайды?" деп бекер айтпаған, себебі ол дұрыс жолды сезеді.

Қорытындылай келе, жоғарыда бес қара сөздің ішінен екеуін ғана таңдасақ та қаншама мән жатқанын көре аламыз. Менің ойымша, Абайды оқыған адам өмірді ақ пен қараны ажырата алады. Осыған байланысты менің ұсынысым, әр қазаққа "Абай жолын" оқу. Қазақ Абайды еске алып, құрметтегенде Абай ешқашан өлмейді. Ол біздің қазіргі таңымыз да келер шағымызда. Ұрпақтан ұрпаққа берілген шығармашылық мұра шексіз бағалы және оны қорғауға, құрметтеу біздің парызы.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором  И 10-08

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Қазақ тілі: кеше, бүгін, ертең.

Қазақ тілі - халқымыздың тарихи және мәдени мұрасы, ұлт болмысының тірегі. Оның өткенін, бүгінгі жағдайын және болашағын талдау арқылы біз тіліміздің қаншалықты маңызды екенін түсінеміз.

Кеше.

Қазақ тілінің мыңдаған жылдық тарихы бар, түркі тілдерінің байырғы тармағы болып саналады. Қазақ хандығы құрылған дәуірден бастап, қазақ тілі мемлекеттік деңгейде қолданылып, әдебиет пен мәдениеттің негізін қалады. Абайдың өлеңдері мен Ыбырайдың әңгімелері қазақ тілінің әсемдігі мен байлығын паш етті. Алайда отарлық кезеңінде қазақ тілі өз мәртебесінен айырыла бастады. Ресей империясы мен КСРО кезеңінде ана тіліміздің қолдану аясы шектеліп, оның орнына басқа тілдер басымдыққа ие болды. Бұл тілімізге үлкен соққы әкелгенімен, ұлтымыздың ұлы тұлғалары оны сақтап қалуға бар күшін салды.

Бүгін.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Бұл ұлтымыз үшін тарихи жеңіс. Қазақ тілі бүгінде білім беру, мәдениет, ақпарат құралдары, мемлекеттік қызмет салаларында қолданылып келеді. Дегенмен, әлі де шешуді қажет ететін мәселелер бар. Көптеген қазақстандықтар қазақ тілін жетік меңгермеген, ал кейбір салаларда оның қолданылуы шектеулі болып отыр. Бұл қоғамның қазақ тіліне деген көзқарасын өзгерту қажеттілігін көрсетеді.

Ертең.

Қазақ тілінің болашағы - біздің бүгінгі іс-әрекетімізге байланысты. Егер біз қазақ тілін тек заңмен емес, өмірт

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
XL 10-08

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

дің барлық салаларында кеңінен қолданылса, оның ертеңі жарқын болады. Жастарға тілді үйрету, оны ғылым мен техника саласында дамыту, интернет пен медиа кеңістікте қазақ тілін қажеттілігі ету – басты міндеттеріміздің бірі. Сонымен қатар қазақ тілін халықаралық деңгейде насихаттау арқылы оның мәртебесін арттыру қажет.

Қорытындылай келе, қазақ тілі – ұлтымыздың жаны, тарихымыздың куәсі. Оның кешегі тағдыры бізге үлкен сабақ берсе, бүгінгі жағдайы күрес пен дамудың кезеңі. Ал ертеңгі болашағы – әр қазақстандықтың қолында. Қазақ тілі мәңгілік болу үшін біз оны қадірлеп, құрметтеп, дамытуымыз керек. Тіліміздің мәртебесі биік болса, ұлтымыздың да болашағы жарқын болады.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
кл 10-09

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Эссе

„Абайдың поэзиясындағы жалпыадамдық құндылықтар көрінісі және ақын ілімі."

Бәрімізге жас тайымыздан атақты Абай атамыз Құнанбайдың қайтыс болған інісінің келіні, яғни Ұлжаннан туған ұлы. Әжесі Зере мен анасының сүйіктісіне айналған Ибраһим (Абай) әжесінің өжет, қатал мінезін де бала шағынан көріп үйренген. Ұлы Абайдың әкесі сияқты ел ісіне емес, жазушы ісіне қызыққаны бәрін тәнті қылады. Алайда біз осы Абай Құнанбаев атамыздың еңбектерінің арқасында ғана XIX ғасырдағы өмірдің шынайы бейнесін көре аламыз. Бастауыш сыныбынан Абайдың "Ғылым таппай мақтанба„ атты өлеңімен бастау алып, "Масғұт", "Ескендір" сияқты поэмаларымен қазіргі таңда еңбектерін зерттеп келеміз. Абай өзінің әр шығармасына халық шындығын мен адамдардың ішкі жан-дүниесі жайлы толғауларды біраз қосқан. Абайдың туындыларын оқыған Мұхтар Әуезовтың өзі оларды теңіз түбімен салыстырып, ішінде терең ой жатыр деп айтып кеткен еді. Абайдың өзінің әр еңбектеріне адамзат құндылығы туралы ойды қосуына не себеп болды? Біріншіден, Абайдың халықтың тұрақсыз мінезінен көңілі қалуы. Абай Құнанбаевтың 1889 жылдары жазылған "Сегіз аяқ", "Болыс болдым мінеки" шығармаларын атып

ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

қарасақ, ішіндегі сыршылдық, ойшылдық жолдарды кездестіре аламыз. Адамдардың ненің жақсы ненің жаман екенін ажырата алмауы оларды надан жолға түсіруіне себеп болатыны айдай анық емес пе? Мысалы, "Болыс болдым мінеки" еңбегінде адамзаттың биік даңқ пен атақ үшін малдарын шашып, бір-біріне зардап келтіруі анық насихатталады. "Ескендір" поэмасындағы басты кейіпкердің өзімшіл әрі қырсық мінезінің кесірінен өз санасын түсінбейін көреміз. Абай атамыз тіпті өзінің қара сөздері арқылы адамның ой-санасына үндеу салады. Мысалы, қайрат, жүрек, ақылдың бәрі біріккен кезде ғана адам өзін толық адам ретінде сезе алады. Абай осы халықтың надан жолға түскенін көріп, көңілі тіпті жақындарынан қайтқандықтан, өз ішкі рухани дүниесін қағаз бетіне түсірмекші болады. Екіншіден, Абай атамыздың оқуға талпынып, тарихта өз ізін қалдырғысы келетіндердің азаны жүрегіне тиді деп ойлаймын. Ғабит Мүсірепов „Ақынның жаны оңай жараланады, оңай жазылады„ деп бекер айтпаған. Қазақ қоғамы ата-бабамыздың салт-дәстүрін сақтау барысында, әрі қарай дамып, оқу мен жазуға талпынуды ұмытады. Оған дәлел ретінде "Алғашқы ұстаз" повестін алуға болады. Шығармада еш бір ата-ана өз баласын "хат танып, үйренсін" деген

ниетпен Дүйсенге бермейді. Дәл осылайша сол кездің қалыптасқан "стереотиптері" Абай кезеңімен дәл келеді. Ақын ел болашағын ойлап, өз ойын қағаз бетіне түсіру арқылы елді хат тануға шақырып, тарихта үлкен із қалдырғысы келеді. XIX ғасырдың тұрғындарының ойы тек байлық пен атақта болып, ақ жолдан тайып бара жатқан кезде, Абайдың өлеңдері олар үшін ем болады. Яғни ақынның алға деген ұмтылысы, өз-өзіне деген сенімділігі оның артынан басқалардың жетелейді. Қорытындылай келе, Абайдың жалғы адамдық құндылықтар көрінісін насихаттап, бізге жеткізуі оның ойындағыдай болды деп ойлаймын. С. Торайғыров айтқандай "Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе. Адамдықты іздесең, Жад тоқып ал көңілге" деген сөздерімен толық келісемін. Әр адам өз ішкі рухани байлығын танып, білу үшін ең алдымен Абайдың еңбегіне жүгінуі керек. Абайдың шығармаларынан шабыт һәм үлгі алып жүрген шынайы Қазақтай сияқты тұлғалар қазіргі кезде аз емес.

(450 сөз)

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором И 10-10

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

"Абай поэзиясындағы жалпыадамдық құндылықтар көрінісі және ақын ізі."

Абай Құнанбайұлы – қазақтың ұлы ақын, жазушысы. Оның қазақ елі үшін қосқан үлесі өте зор. Абай жас кезінен бастап қаламды қолына алып көптеген поэзиялар жазған. Және оның жазған поэзия, қарасөз, өлеңдері әлі күнге дейін өз әсерін жоғалтпай, біз оларды оқып жүрміз. Және әр поэзияларынан жақсы қасиеттерге үйреніп келеміз.

Абай өз поэзияларында адамдық құндылықтарға көп назар аударған. Адамгершілік, мейірімділік, әділдік деген сияқты адам бойындағы қасиеттерді меңзеген. Маған Абайдың жиырма екінші қарасөзі өте қатты ұнайды. Себебі ол осы қарасөзінде адамдардың тек жақсы ғана емес, кері қасиеттеріне тоқталады. Мысалы байлардың қулық пен ақша тауып, өмір сүріп жатқанын көрсетеді. Мырзалардың өтірік мырза, есті кісілердің өтірік есті екенін де байқауға болады. Оны „Осы күнде анық мырза елде жоқ, мал берген мырза иттен көп". „Есті кісіні тауып құрметтейін десең жамандыққа елдің бәрі де есті, жақсылыққа есті кісі елде жоқ" деген жолдарда ақын анық көрсетіп тұр. Яғни адам бойындағы қулық, зұлымдық, алдаумен өмір сүру деген қасиеттер болатынын көрсеткен. Ал он жетінші қарасөзінде ақыл, қайрат, жүрек үшеуін салыстырады. Бірақ әрқайсысы адал көптеген нәрсе адамның жүрегіне байланысты. Жүрекке әмір жүргізеді дегендей адамның жүрегі жақсы нәрсені ойлап тұрса ақыл, қайратта жақсыны ойлайды. Адамның жүрегі мейірімді, нәзік, жақсы болса онда жүрек те, қайратта жақсыға ұмтылып, жүректің айтқанын орындайды. Сонымен қатар ақын әр адамның біліді болғанын қалаған. Оның

көптеген өлең, поэзияларды адамдарды сауатты болып, білім алуға шақырған

Сөзімді қорытындылай келсем Абайдың әр поэзиясы адамның ішкі жан-дүниесін жақсы қасиеттерге толтыруға негізделген. Және Абай поэзиясындағы жалпыадамзаттық құндылықтар ол адамгершілік, әділдік, мейірімділік деп сенімді айтуға болады. Абайдың өлеңдері қазіргі заманға өте керек. Себебі қазір де адам бойындағы жақсы қасиеттер өте аз. Ал адамдар Абайды оқып ішкі жан дүниесін жақсы қасиеттерге бағытта алады.

Абай - нағыз данышпан. Ол - қазақ әдебиетінің ең шарықтау шыңы, жазба әдебиетінің негізін қалаған, қағаз бен қаламды ермек қылған ұлы жазушы әрі ойшыл. Шарқы сөнбес, әсемдігін жоғалтпас Абай шығармаларының басым бөлігі адам және өмір тақырыптарын қамтитын данышпандық ой-толғаулар.

Ақынның реалистік шығармаларында асау тағдыр құшағында өмір шындығымен бетпе-бет келген сір, таңдау алдында қалған кейіпкерлері, шынайы өмірдегі адамзат тағдырының бейнесі. Абай түрлі өмірлік жағдаяттар арқылы өмір, уақыт, махаббат т.б.) құндылықтарының маңызын жеткізеді. Онымен қоса, адам баласы бойындағы дүниеге, билікке, құдіреттілікке деген құштарлықты қатаң сынға алады. Мұндай сипаттағы Ескендір поэмасы ойшылдың (жақсы) айқын мысалы. Ескендір Зұлқайнар бейнесі арқылы Абай құлқынбайдың билеушінің шексіз билікке деген ұмтылысын сынайды. Парқа тойымсыздықтың, шектен тыс қатыгездіктің салдарын көрсетеді. Енді бір өзге шығармасында дүние, ақыл және махаббат арасындағы таңдауға тап болған жас жігіт бейнесі арқылы тойымсыздық пен қанағатсыздықтың, дүние мен ойға келмес ақылдың махаббат алдындағы құнсыздығын дәлелдейді. Ақынның өзі ақсүйек текті. Тобық руының ұрпақ мұрагері болғанымен ол еш уақытта дүние қуған емес.

Ақын үшін шынайы махаббат, адамгершілік қасиеттердің өмірде алар орны ерекше бөлек еді.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором KL 10-11

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

(Адамның адам ретінде танылуына өз өмірін арнаған) Өз өмірін адамның адам ретінде танылуына арнаған (бұл) Абайдың шығармаларының негізгі тақырыптарының бірі - адамгершілік қасиеттердің адам бейнесіндегі көрінісі. Өз өмірінің есті шағында, үлкен үміт артқан, сүйікті ұлы өлімінен кейін Абай дін жолына түсіп, өз еңбектерінде Ислам дініне тайнып, дінмен байланыстырған. Абай адам кемелдігіне үлкен назар бөлген. Осы жолда Абай „толық адам" бейнесінің ізденіс жолында 45 қара сөзін жазды. 1888 жылы „Жүрек, ақыл, қайратты бірге - боласың толық адам елден бөлек" деген ойы кейіннен Абайдың он жетінші қара сөзінде анық - нақың сараланған. Толық адам - деп ақыл мен қайратты жүрекке бағынған адам. Бойындағы бар қасиеті теңеріп, адамгершілік қасиет не жете білген адамды меңзейді Абай.

„Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ - барды ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін." - дегенді

Абайдың бар еңбектері өзінде терең тәрбиелік ойды қамтиды. Қарап тұрсаң, арада қанша уақыт өткенімен Абай сөздері қазіргі адамзат қоғамында олпат алды. (Бұл Абайдың) Бұл Абай Құнанбайұлының жазушы ретіндегі ұлағаты мен құдіретінің айқын дәлелі.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором  Х 10-12

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

"Қаныш және ғылыми майдан"

Биыл 10 сыныпта қазақ әдебиеті сабағында Медеу Сәрсекенің өмірі мен шығармашылығын өттік. Медеу Сәрсеке қазақтың жазушысы, инженер-металлург, профессор әрі Қазақстан Республикасының қоғам қайраткері. Ол қазақ әдебиеті саласына үлкен үлес қосқан адамдардың бірі. Медеу Сәрсеке ғылыми фантастика жанрында да қалам тартып, қазақ әдебиетінің аталмыш жанрдың өсуіне де айрықша үлес қосқан. Мысалы "Көрінбестің көлеңкесі", "Ғажайып сәуле" деген шығармалары бар. Бірақ бұнымен шектеліп қана қоймай белгілі ғылым зерттеушілер Әбінай Арыстанұлы, Ермахан Бекмаханов жайлы еңбек жазып, ғалымдардың өмірін зерттеген. Соның ішіндегі ең көлемді, танымалы - "Қазақтың Қанышы" атты роман-эссе. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев академик, ғалым, еліміздің пайдалы қазбаларын зерттеген белгілі геолог әрі Ғылым Академиясының бірінші президенті. "Қазақтың Қанышы" роман-эссесінің сюжеті академик Қаныш Сәтбаевтың өмір жолына арналады. Мұнда ғалымның дүние есігін ашқаннан, академик болып, өмірінің соңына дейінгі сәттер толыққанды жазылған. Менің ойымша бұл роман-эссе еліміз үшін, өсетін ұрпақ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором xl 10-12

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

үшін жұмыс жетістіктің, қазынасы бірі. Себебі ұлан-байтақ жерімізді зерттеп, ғылым саласына өз үлесін қосқан адамды білмеу, зерттемеу үлкен ұят деп есептеймін. Мақала қазіргі таңда біз Қаныш Сәтбаевті ғылым майданындағы сарбаз деп таныдық. Ол бала кезінен достарымен ойнаудың орнына, жердегі, таудағы тастарды тауып, зерттеп геология саласына қызығушылығы басталды. Ер жете келе училищені оқып, үздік бітіріп, еліміздің әр облысын зерттеп, барша елге қазақ жерінің "тұзға бай, темірі, құдасы көп!" деген орыс ғалымдарының сөзін дұрыс еместігін дәлелдеп, жаңа карта жасап, барлық пайдалы қазбаларды белгілеп, ғылыми жолында күресіп, соңында үлкен еңбегінің арқасында ҒА бірінші президенті болды. Осындай ғылым саласындағы үлкен, өрнекті еңбегінен ғалым ғана емес..., күллі қазақ елі жемісін көріп жатыр деп ойламын. Сондықтанда еліміз үшін еңбек етпеші, еңбек жолы жайы, ғылым саласындағы жетістіктері жайлы бір екі параққа жазу мүмкін емес деп ойлаймын. Сондықтан ойымды қорытындылай келе ғалым Қаныш Имантайұлы қазақтың нағыз еңбекқор маманы, дара тұлға және тарихта аты алтын әріппен жазылатын ерекше адам деген шешімге келдім!

Қаныш және ғылыми майдан

Қазақ тарихында батырлар соғыс алаңына қатысып ерлік көрсетсе, Қаныш - ғылыми майдан шекарасына өз атақ-даңқын енгізген. Жерасты қазба байлығының түп-тамырын зерттеп, ел болашағы үшін ат салысқан тұлға. Сол уақыттағы Кеңес үкіметі тарапынан көрсетілген қысымға дес бермей, тек геология бағытына емес, сонымен қатар халық білімін арттыруға еңбек етті. Сіздің ойыңызша, Қаныш Сатбаев ғылыми майдан жолындағы еңбегі арқылы ел болашағына үлес қоса алды ма?

Қаныштың еңбегі "Қаныш Сатбаевтың роман-эссесінде" айрықша бейнеде жазылған. Өз ойым, сол кезеңдегі мүмкіндіктің болмауына қарамастан және Кеңес Үкіметі тарапынан көрсетілген қысым мен қиыншылыққа берілмей, алға ұмтылу екпінінің қолынан келе береді. Ал Ұлы Геолог қолынан кейін, ол елдің дамуына өз септігін тигізді. Біріншіден, Қаныш Сатбаевтың 1849 жылы құрылған Қазақ КСР Ғылым Академиясын үлкен жетістіктің нышаны ретінде қарастыруға болады. Себебі, дәл осы академия құрылғаннан кейін өзге саланың дамуы жылдамдап кетті. Жастар үлкен қалаларда білім алып, тәжірибе жинап, өз еліне паш етті. Басшы ретінде Қаныш тағайындалып, геология саласын танытты. Екіншіден, әр мекенді зерттеумен шектелмей, Ұлттық кадрларды даярлау ісіне ат салысты. Әлбетте, бұл іс оңынан туды. Ұлттық кадрларды даярлау арқылы жастар Москва, Ленинград сынды үлкен қалаларға аттанып, сол жақта білім алды. Білімдерін Қаныш Сатбаевтың көмегімен жетілдірді, яғни, ел аузында "Қаныш - жастар ұстазы" атағына ие болды. Бұл жайт елдің болашағына қосқан бірден-бір үлесі болып табылады. Үшінші мысал ретінде Қаныштың қиындыққа төтеп беріп, шаршаған жерімен тік тұрған кезі, яғни, ғылыми майдан жолындағы бастан кешкен ауыртпашылығын алуға болады. Ғалымның осы жолда түрлі қиындыққа тап болғаны анық. Мысалы, сонау жылдағы


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Москва төңірегінде Усовпен кездесу, Серго жолдасқа жолығу, нарком басшысы алдына барудағы қажырлы еңбегіне сөз жоқ. Не себепті ол темір-жол жоқ заманда Москваға келгендегі жолдағы қиындыққа қарамастан, нарком жолдасқа жолықпай кетті! Себебі, сол уақыттағы беделі биік адамның алдына қолындағы ақпараты жеткіліксіз екені және бұрыннан Серго жолдас тастаған ұсынысты жүзеге асырмағанына өкінді. Бұл – Қаныш Сәтбаевтың қажырлы еңбегінің кішкентай бөлігі, оның күндерін жоғары білім есігінің алдында өткізген айтпасаңда түсінікті. Карта бетіне жердің астындағы байлықты түсіру барысындағы Қаныштың көр-гені мен жүрген жерін қарапайым адам атқара алмайды. Тек ол үшін жаны ашыған туманың қолынан келетін іс.

Қорытындылай келе, Шың геологтың ғылыми майдан жолындағы еңбегі ел болашағына түбегейлі үлес қосқанына сенімдімін. Ғылым-ғылыми майданның сарбазы атанды. Қаныштың еңбегінің нәтижесінде ел картасы қазба байлыққа толды. Енді кезекте жастардың осы салаға құлып, Қаныш Сәтбаевтың ізін жалғастыратынына сенімім зор!

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором kl 10-14

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

„Абай поэзиясындағы кемеладамдық құндылықтар көрінісі және ақын ілімі"

Абай Құнанбайұлы - қазақ халқының ұлы тұлғасы, ақындардың шоқтығы саналатын, әдебиет саласында орны тым бөлек ақын. Абайдың шығармалары адами құндылықтарға толы, ілімі мен білімі қатар жүретін туындылар болып саналады. Өз поэзиясында кемеладамдық құндылықтарды анық аша білген Абай қазіргі таңда ұмытылмас көрнекті тұлғамыз.

Ибраһим поэзиясын әдебиетіміздің саумалдай сапырылып жатқан саумал көлі десем артық болмас. Халқымыз етігімен су кешіп жүргенде Абай атамыз сол халықтың әл-ауқатын, жағдайын өз шығармалары арқылы жеткізе білді. Ал адами құндылықтарды өлеңдеріне қосуы оның ерекше тұстарының бірі. Яғни Абайдың ақын атанып, өлең жазудағы басты мақсатының бірі - халықты оятып, болашақ ұрпақты білімге шақырып, діни ілімді де қатар алып жүру деп ойлаймын, әрі ол осы мақсатына жетті. Ақынның білімге шақыруын „Ғылым таппай мақтанба!", „Әсемпаз болма әрнеге" атты өлеңдерінен һәм қарасөздерінен байқай аламыз.

„Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой
Бес асыл іс көнсеңіз." - деген жолдарда Абай оқырмандарды жақсы мінезді болуға шақырып, талап, еңбек, қанағат деп ең негізгі адами құндылықтарды тізбектеп кетті. Оған қоса ол өлеңінде „өсек,

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ

өтірік, мақтаншақ, еріншек, мал шашпақ" деп адамның теріс қасиеттерін атап өтіп, одан сақ болуға шақырады.

Сонымен қатар, басында айтып өткенімдей Абайдың қарасөздерінде де адами құндылықтардың мол үлгісі жатыр. Ол өзінің кейінгі қарасөзінде өмірге екі түрлі ниетпен келетін адамдарды салыстырады. Біреуі ішсем, жесем деген, енді біреуі білсем, көрсем деген ниетпен өмірге келеді дейінген. Бұл қарасөздің негізгі идеясы екі түрлі ниетті адамдарды салыстыра отырып, оқырманға өмірде басты ішіп-жеу емес, санаңды өсіріп, білімді адам болу екенін түсіндіреді. Бұл да Абай поэзиясындағы жалпыадамдық құндылықтардың көрінісіне дәлел бола алады.

Ал діни ілімге келетін болсам, Абай ілім мен білім атты екі айданды бірдей ұстап, сол айдындарға құмарлық қанат қаға алған ақын. Ол діни сауатты болған жан.

„Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешқашан да жалған болмас." -

деп Абай өзі жазып кеткен. Бұл жолдар бізге ақынның діни сауатты болғанын көрсетеді. Будан да басқа өзінің өлеңдерімен Абай ілімді өнеге етіп, діннің шындығын насихаттаған.

Абай Құнанбайұлы- шығармалары қазақ әдебиетінде алтындай жарқырап тұрған ұлы тұлға.

„Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы ерінбе." -деп

Сұлтанмахмұт Торайғыров ақынымыз айтқандай, шынымен де білім мен ілімді сусындап, өмірлік азық жинаған келсе, ойланбастан Абайды оқу керек деп ойлаймын. Себебі әр сөзінің астарында тұнып тұрған терең мағына бар Абай шығармалары нағыз білімнің қайнар бұлағы.

Осы тұста сөзімді қорытындылау үшін Абайға арнаған өзімнің өлең жолдарымды ұсынамын:

Дара тұлға Алаш атын аспандатқан,
Артық көріп ақындықты алтын тақтан.
Суырып қынын алмасындай сөзі өткір,
Өлеңімен өскеленге тұмар таққан.

Мен ұғынам Абайды қыран құс деп,
Бес арыстың анасы, ұлар күш деп.
Діңгегіндей өлеңдері жыр-өрнектің,
Ұмытылмай сан ғасырлап ұдай түспек!

"Қаныш және ғылыми майдан"

"Қаныш Сатбаев роман эссесінде", Қаныштың бала кезінен бастап, ғылым саласындағы әр жетістіктерін, сол ғылым жолындағы қиындықтарын, талпынысын баяндайды. Қаныш Сатбаев жастайынан білімге ұмтылып, халқы үшін еңбектеніп, адамгершілігі мол адам деп еш күмәнсіз айтуға болады.

Қаныш Сатбаевтың ғылыми майданға аттануынан ең алғаш кезеңі, оның жоғары оқу орнына түскені жайлы. Жас Қаныш профессордың алдына келіп, қиын математикалық есебін шығарып берген, профессорды қатты таңғалдырады. Себебі ол Қаныштың алғаш көргенде, киім үлгісіне қарап, сауаттылығы сондай жоғары деп ойламайды. Осылайша, Қаныш жоғары оқу орнына түсіп, өзінің білім мен ғылымға деген үлкен жолын ашады. Менің ойымша, Қаныштың оқуға деген ынтасы мен өзінің армандарына жету мақсаты өте биік болды. Себебі оның басына қандайда бір қиындық түссе, ол мойымай, сол мәселенің шешімін тауып, әрі қарай білім жолын қуады. Мысалы Қаныш оқу оқып жүргенде қатты сырқаттанып, төсек тартып қалады, сол себеппен оқуын уақытша тастай, қайта үйіне оралуға мәжбүр болады. Бірақ қаншалықты қатты ауырып жатса да, кітаптарын қолынан тастамай, өз бетінше оқып жүреді. Бұл кішкентай оқиғаның көрінісі, Қаныштың қиындыққа мойымайтынын көрсетеді деп ойлаймын. Сонымен қоса, Медеу Сәрсекенің не себепті нақты "Қаныш Сатбаев роман-эссесін" жазуға бел буды деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа менің көзқарасым бойынша, Қаныш Сатбаевті ұлы тұтқаны немесе екеуі де бір салада жұмыс істегені, бұл роман-эссені жазуға себеп етті. Бірақ бұл сұраққа әркімнің жауабы әртүрлі. Сонымен қатар, Қаныш Сатбаевтың ғылымдағы негізгі саласы- геология. Қазақстан жеріне зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жаңа ашылыстар еңгізді. Мысалы 1946 жылы Қаныш Сатбаев Қазақ КСР-інің тұңғыш президенті болды. Кейін жаңа кең мыс орындарының ашып, бұл ашылу Қазақстан үшін индустриялық дамуына үлкен үлес қосты. Ол сондай-ақ Қазақстанның алғашқы геологиялық картасын жасаған.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором xl 10-15

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Осылайша Қаныш Сатбаевтың ғылыми жолын қаншалықты бағалағаны, өзінің мықты мінезі мен өз дегеніне ұмтылуы оның биік жетістіктерге жетуінің себебі. Қазақстан жерін зерттеп, елін дамытып, дамыған мемлекеттер арасына қосуға келгені, оның патриоттық сезімін, әрі халыққа деген үлкен жанашырлығын айқын көрсетеді.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором КЛ 10-16

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Абай поэзиясындағы жалпыадамдық құндылықтар көрінісі және ақыл ілімі.

Абай Құнанбайұлының шығармаларының көбісі адам бойындағы құндылықтар, адамның тәрбиесі және жалпы қазақ халқының мәдениетін алып жатыр. Абайдың шығармаларын ақыл да үндейді, сонан да қарайды, ақын жаманын жоқтап, жақсыны мақтап айтпай, ақындық шыншылдықты қолдайды деп санаймын. Өз басымдағы адам бойындағы қасиеттерді таңдап, Абайдың сөзімен - «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» -, деп шығармаларын арқылы келешек ұрпаққа ақыл ілімін насихаттау мақсатында жазған. Сондықтан, Абайдың көз қарасы бойынша адам құндылықтары қандай көрініс алып жатыр?

Абайдың құндылықтарының көрінісі деп айтса, ойыма бірден «Ескендір» шығармасы келеді. Ескендір кейіпкері Абайдың авторлығында ашулы, мақтаншақ, тәкаппар бейне алады. Ал поэманың тағы бір кейіпкері Аристотель мүлдем басқа портрет алады. Салмақты, дана, ойына ақыл сай, ойлап тек іс-әрекет қабылдайтын жан. Менің ойымша, осы екі кейіпкерді, Ескендір - ашу, ал Аристотель - ақыл деп несіз санаған. «Ашу дұшпан, ақыл дос, ақылыңа ақыл қос» деген мақалмен кейіпкерлерді сипаттауға болады. Абайдың осы шығармасына қосқан ілімі, менің ойымша, адам өз қолына биік алған нәрсе биіктен басын айналып, ізі тар адамға айналмауға деген ой-үлгісі.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором KL-10-16

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Дана адамның биікте тұрған адамнан да басым екені анық көрсетілген. Абай өз поэзияларында сын алдында да адам қасиетін таңдайды. Надандық, парақорлық, сұрапылдық, ерінушілік қасиеттерін сынауы таңбадай анық. «Сегізаяқ» шығармасында адамдардың тілі мақал ұрлап алатынын, сауатсыз адамдардың қамшыға деген жерін, тірлігін мазады «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» шығармасында «Алданатын жан бар ма?» деген сөздерінен ішіндегі мұңы көрінеді. Ішкі толқынысын өз жұртынан таба алмай, жаратушыға ішінген Абай шыңдыққа көзі ашылып, адамның ақсап жүрген мақсаты болса, сол мақсаттан тыймай, бас үстінен жүретінін көрген.

Қорытындылай келе, Абайдың шығармаларында жақсы жақта ж/е жаман жақта тұратын кейіпкерлер болатыны мәлім. Салыстыру жолымен оқырманға өз көз қарасын, ойын жеткізеді. Шығармаларында құндылықтардың өзектелуі - тәрбиелеу мақсатымен Болашақ ұрпақ жаманнан жақсыны айыру білуін мақсат еткен. Құндылық көрінісі әр оқырман ішінен өз көрінісін алады.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором ҚЛ 10-17

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Эссе (1)

„Қаныш және жылым майдан роман-эссесі"

Қаныш Сатбаев - қоғам қайраткері, ғалым, академик, профессор, зерек тұлғаларының бірі. Қазақ қоғамына қосқан үлесі, өте мол! Оның білімі тек қана жер білімімен шектелген жоқ, ол кісі алгебра оқулығын жазған, және математикадан үлкен маман болған. Бір нәрсені бастаған кезде, оны аяғына дейін бітірде. Оның атына гладиолус гүлін, атаған. Осындай бір кішкентай мағлұматты оқи тұра, қандай жан-жақты болғанын көруге болады. Осындай бір үлкен адамға, Медеу Сәрсеке „Қаныш Сатбаев" роман-эссесін арнаған. Үлкен бірнеше томнан тұратын, 600 беттен асатын кітап. Сол кітапқа Медеу Сәрсеке өзінің өмірінің 12 жылын арнаған. Қаныштың туған күнінен бастап қайтқанына дейінгі мәлімет берілген. Және, туған жері, қалай болып өскені, оқыған институты, қандай болғанын, тіпті достарына, профессорларына дейін сөз қозғаған. Мысалыға, „Сібір Шамшырағында" бөлімінде ол Қаныштың түнен институттың күндерін ерекше сезіммен жеткізе алған Мен ол бөлімді оқыған кезде аса бір қатты сезімде болдым. Себебі, Медеу Сәрсеке сөз бен жазу арқылы Қаныштың, ең жаман кездерін жеткізе алған. Ең бір өкінішті

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ

күндерінде 1921-1922 жылдары, Қаныш қатты ауырып, төсек тартып қалады. Профессорлары оның жағдайын көріп, үйіне қайтуын жөн сапты. Бірақ, оны жалғыз жіберуге болмайды деп достарына айтады. Осы кезде әр қайсысы қол көмегін беруге таласып, бір орыс жігіті Қанышпен бірге жібереді. Сол кезде, дереу вагон тауып, еліне қайтып оралған. Жолай бойы Қаныштың күйі, нашарлай берген.

Осы бөлімде Қаныштың қандай білімді, әр нәрсені үзбей алатын, жан-жақты болғандығы туралы жазылған. Күндердің бірінші күнінде математика пәні болған. Ол пәнді орыс профессор басқарған. Ол адам өзінің білімі арқылы орденмен де марапатталған ие болған. Кабинетке кірер алдында, Қаныш қобалжуды қатты сезінді. Оған қарамастан, ол профессордың әр берген есептерін шешімінедей жазып, математика саласындағы білімін дәлелдеген. Ең соңында, профессор әдейі бір күрделі есеп береді. Қаныш оны да түсініп, түсіндіріп жазады. Сонда ағай оны мадақтап „жарайсың, қазақ" деп айтады. Сол профессордың сабақтарында жазған нәрсені үзбей, артынан үйрену қажет. Үйрмейі жыл, сен сол кезде әдепті кабинеттен шығып кетуің керек. Себебі, ол бір қолымен жазып

екінші қолымен өмірін жазған болатын. Тағы бір оқиғаларының бірі, жатақханамен байланысты. Университеттің 1 жататын үйі болған, ал сол жылы 500 адам оқуына түскен. Яғни, осындай жағдайда, көпшілікке орын жетпеген ғой. Барлығы да не істерін білмей, үй таба алмаған. Сол себептен университеттің ішінде отыратын орындықтар-да ұйықтап қалатын болған. Оқыту барысын мұғалімдер білім, барынша қол көмектерін беруге тырысқан.

Міне, бұл бөлім 8 беттен тұратын жақсы сезіммен жазылған деп есептеймін. Сонымен қатар, Қаныш Сәтбаевтың әрбір алған медальдары туралы сөз қозғаған. Қайда, қалай зерттеу жұмыстарын жүргізгені туралы көп мағлұмат берген. Мысалыға, Қаныш он жылын майдан Жезқазған зерттеу жұмыстарында үлкен еңбек қалдырған. Ойымша, оның барлығын өзі тура Қаныштың қазақ қоғамына деген үлкен өте көп жасаған нәрселерінің барлығы адамгершілікпен, жақсылықпен тұнғаталған. Өте өкініші осындай ұлы тұлға-ларының бірі артынан ұрпақ қалдыра алмаған.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором kl 10-18

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Қаныш және ғылыми майдан.

Мұхтар Әуезов қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өмірбаянын жазса, Медеу Сәрсеке атақты ғалым Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен шығармашылығын зерттеп роман-эссе жазды.

Қаныш Сәтбаев - қазақтың тұңғыш ғалымы, геолог, металлогения саласын да меңгерген тұлға. Қазақстанның ғылым саласының дамуына мол еңбек, зор үлес қосқан. Қазақ ғылым академиясының негізін қалаушы, оның бірінші президенті болып табылады.

Медеу Сәрсеке Қаныштың балалық, жастық шағын, алғаш жетістіктерін, жалпы өмір жолын зерттеп, нақты суреттеп жазған. Қаныштың отбасы, жеке өмірі жайлы жазу барысында оның сезімдерін оқырмандарға керемет жеткізген. Мысалы, Қаныштың анасы Әлима ерте қайтып, ол анасын қатты танымаған. Бірақ туыстарының сөздері бойынша оның образын салып, анасын сағынышпен, жылы сезімдерімен еске алады.

Қаныш жастайынан оқуға, білімге құштар болған. 9-10 жасында ол 15-16 жас оқитын бастауыш мектепке түседі. Оның ұстазы Григорий Васильевич және Имантайға Қаныш мақтап, қала мектебіне беруді ұсынады. Бұдан оның басқа балаларға қарағанда білімді екенін аңғарамыз.

Қорытындылай келе, бұл роман-эссе өте күрделі деп айтуға болады. Бірақ Сәрсекенің шығарма тым үлгісі оқырмандарға қызықты

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

көрігенімен, шығармаларды талғастырып оқуға баули-ды. Сонан - кейін оқу барысында Қаныш Сәтбаев туралы өте көп мәлімет алуға болады. Оның шынымен де ғалым адам екенін дәлелдейді.

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІН

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
kl 10-19

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Қазақ тілі: кеше, бүгін, ертең

Қазақ тіліміздің өткені, бүгінгі таңы мен болашағы - ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Біздің тіліміздің соншама жайттардан, өзгерістерден өткенін ұмыту мүмкін емес. Алайда оған қарамастан туған тіліміз өз ерекшеліктерін жоғалтпауға тырысады. Demек мен, "неліктен қазақ тілінің өткені, қазіргі таңы мен болашағы маңызды мәселе болып табылады?" деген сұраққа жауап табуға тырысайық.

Қазақ тілінің әр кезі бір-бірінен ерекшеленеді. Тіліміздің бұрынғы кезі туралы сөз қозғайтын болсақ, сол замандарда ана тіліміз қаншалықты бай, әрі кең болғанын ойландыру керек тіз. Менің ойымша, оған үлкен бір дәлел, біз алған түрлі, дана ақындарымыз, солардың ішінде Абай Құнанбайұлы, Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынұлы және тағы да басқалары жатады. Бұл тұлғалар - қазақ тілінің байлығының үлкен көрінісі. Тіпті олардың шығармаларын оқи түрып, осыған көзіміз жетеді.

Туған тіліміздің бүгінгі таңы жайлы айтатын болсақ, онда ол өткен кезбен өте байланысты болып келеді. Себебі, қазіргі уақытта, біздің тіліміздің жағдайы бұрынғы замандарға қарағанда әлдеқайда мүшкіл. Неліктен? Өйткені Кеңес Одағының кесірінен, қазақ халқының көп бөлігі орысша сөйлей бастап, өз тілін ұмыта бастады. Бұл орыстандыру процесінің нәтижесінде, қазақтардың көбі қазіргі таңға дейін туған тілінде сөйлей алмайды. Меніңше, бұл жерде бізді кінәлау дұрыс емес, себебі барлық жайттар орыстардың қысымынан, олардың бізге деген қарсылықтарынан, қызғанышпен және көре алмаушылығымен болған еді.

Алайда осыған қарамастан, кейбір адамдар қазақ тілін дамытуға [illegible] Мысалы,

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

kl 10-19

тысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

арнайы қазақ тілін үйренуге арналған курстар. Ол жерде тек қазақ-тар ғана емес, өзге ұлттар да қатысып, қазақ тілін үйренуде. Демек, қаншалықты қиындықтарға қарамастан, қазіргі уақытта қазақ тілін ұмытуға жол бермеу керек.

Ана тіліміздің болашағы тек бізге ғана байланысты. Келешекте қазақ тілі одан әрі қарқында дамығанын қаласақ, онда біріншіден өзімізден бастап, қолымыздан келгенше барынша істеу қажетпіз. Нақтылай кетсек, өзіміз тілімізді меңгеріп, өз ұрпақтарымызды қазақ тіліне үйрету керекпіз. Осыдан ұрпақтарымыз болашақ ұрпаққа да келешекке деген үміт беріп, қазақ тілін ұмытуға жол бермейді.

Осылайша, туған тіліміздің өткені, бүгінгі таңы мен болашағы-үнемі өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Ал оны сақтау тек біздің қолымызда!

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: kl 10-20

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Қазақ тілі: кеше, бүгін, ертең

Қазақ тілі бұл ана тіліміз, біздің барлығымыз бен таныс осы тіл. Қазақ тіліне тоқталса кеткен қазақ тілінде 42 әріп бар. Сол әліпбиде де әр дыбыс, әріп, сөздер үйқасы, ерекше, нәзік естіледі. Менің ше қазақ тілі ең әдемі таза, тартымды тілдердің бірі. Бұрынғы кезде ата-бабаларымыз ақын, жыраулар, қазақ ғалымдары біздің тіл болсын деп, қазақ халқы дамысын деп қорғаштаған.

Мағжан Жұмабаев „Ояна қазақ" деп бекер айтпаған. Біз өз тілімізді өзіміз сыйласақ ешкім сыйламайды. Өкінішке орай қазіргі таңда біздің қазақ тіліміз ұмытылып, құрдымға бірте-бірте түсіп жатыр. Ол да бұл қазақ тілі үшін қаншама жан қиылған. Ойланайық жас ұрпақтарымыз. Өз ана тіліміз, даңқымыз жоқ. Өзге тілдің бәрін біл өз тіліңді құрметте. Менің ойымша тіл жоғалса, елде халқына жоғалады. Өз тілі болмаған ел ұлтсыз ел. Мемлекеттік тіліміз қазақ тілін қастерлеп білу керек. Ана тілінде сөйлеу әр адамның міндеті, парызы болып есептеледі. Ойымша кемсек 60% Қазақстан Республикасының ер азаматының өз тілін білмейді. Өз тілін білмеу ол мен үшін үлкен ұят деп есептеймін. Жоғары жақта отырған құрметті адамдар, тілшілер өз тілін білмей қазақ тілін білмеу Қазақстандағы шет елдерге күлкі, масқара болып отыр. Себебі шет елдері өз тілін білмеу дөрекі жай болып есептеледі. Есімді адам болу үшін жағымда біріншіден сен өз өзіңді сыйлай білу керексің. Сіздегі елдегі білу менің [illegible] қолданысымыз ол өз еліміздегі тері[illegible]

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: KL 10-20

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

ұлтымызды, тілімізді, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды және тағы басқа рәміздерді білу көп. Міне осыларды құрметтей білу керек. Міндетті ұмытылып кетпес үшін біз үйрену керекпіз. Қазақ тілінде қазақ зиялыларының мыңдаған мақала терілген, қазір бар. Қалыпты түрде жеткізе білу керекпіз өсіп келе жатқан ұрпаққа қазақ тілін білу керек екенін.

Көп сөздің тобырдан түйіні қазақ тілі үшін келе-күрескен, бүгін өзі білмейді, оқымайды. Тілді мүлдем үйренбейді, жаттамайды. Осындай қазақ елінің қорлығысың қаламасаң қазақ тілін жетік меңгеру қолыңыздан келетініне күдік, сенемін! Патриоттың сезімен қазақ тілін үйренуді бастайық. Барлық кемшіліктеріміздің орнын тауып, сол бойынша түзеу керек. Қазір оқуды бастау керек. Сенің қолыңдағы кемшілікке күлуге тоқ. Біріге қазақстандық санамен, үлкен белестерге қол жеткізейік.

Эссе. „Абай поэзиясындағы жалпыадамзаттық құндылықтар көрінісі және ақын іліміі"

Абайдың басын, Жамбылдың жасын берсін! -демекпін, сөздің басын Абайдың өзінен бастайық. Есімі бар әлемге паш етілген Абай атамыз, қазақтың ата-бабасының мықтылығы мен даналығының бірдебір әлемі. Кішкентайынан білімге құштар болған Ибраһим, тек әжесінің емес, бар елдің мақтанышы болатынын қайдан білсін? Өзін емес ұрпағын, қазақ халқын уайымдаған Абай бағалы мұра ретінде өз өлең, сөздерін қалдырған. Әр айтылған сөзінен үлкен өмірлік сабақ алуға болатындай, керемет шығармаларын үсті-үстінен қалдырған. Айта берсең, шығармаларына батып кетесің. Абай дүниеге, мал-мүлікке ешқашан қызықпаған. Әкесі он үш жасында оқудан шығарып, ел басқартқызып қойғанының өзінде, білімін тоқтатпаған. Өз өмірінде талай адаммен кездескен Абай жалпыадамзат құндылықтарды ұстанып, оны өз шығармаларында қолданады. Есесінде аты мәңгілік өшпес жарықтай, ел есінен ұмытылмас. „Білімдінің аты өседі, білімсіздің аты өшеді"-деген сөз осыдан шыққан болар.

Адам өшеді, дүние тозады, ал осы сөз мәңгі - деген сөзбен Абай поэзиясына тоқталайық. Абайдың жазған дүниесі ұрпақтан

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором xl 10-21

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

ұрпаққа тарауда. Жазылған уақытына қарамастан, өз өзектілігін міңдет жоғалтпаған. Бүгін мен „Ескендір" поэмасын және „Ғылым таппай мақтанба!-туындыларын таңдайлын.
Ескендір. Абай поэзиясындағы ең атақты поэмаларының бірі. Ескендір шамамен 1900-1902 ж. жазылған шығарма. Бұл поэмада тек үш кейіпкер бар. Сол үш кейіпкер арқылы, бізге адам құндылықтарды көрсетіп кетеді. Ескендір кейіпкері арқылы менмен, дүниеқұмар адамды, ал Аристотельді дана ретінде сипаттайды. Бір таразы арқылы, көзіне құм құйылған Ескендірге өмірдің мәңгі емес екенін дәлелдеген Аристотель, оның ойының тәздылығын көрсетеді. Бұл поэма арқылы Абайдың үш кейіпкермен, дүниеге қызықпау керек екенін, өмір белгілі бір сәтте аяқталатынын, адамды қасиеттерді сақтай отырып түсіндіргенін байқауға болады. Өз поэзиясында құндылық ретінде білім мен адамгершілікті ұстанатын Абай „Ғылым таппай мақтанба" өлеңінде де, бізге осы нәрсені түсіндіріп кетеді. „Өсек, өтірік, мақтаншақ. Еріншек бекер мал шашпақ"-деген өлең жолдарынан осы бес адамның қасиеттен аулақ болу керектігін, еріншектік өмірде жетеуге жеткізбейтіндігін айтылады. Талап, еңбек терең

ой. Қанағат, рақым, ойлап қой, бес асыл іс көнсеңіз" Жалпы ақынның ұстанымын сақтай отырып, адами құндылықтар көрсетілген осы туындысы, Абайдың ең атақты туындыларының бірі. Әр өлеңінде өмірді, өмірдің заңдылықтарын көрсететін Абай, ұрпағының білімді болғанын қалаған. Өз ақындық ілімін осы туындылары арқылы ұрпағына арнаған. Әр туындысы жалпыадами құндылықтарды қамтитын болғандықтан, оқитын адам рухани байып, өмірде тәжірибесі мол болады.

Өз сөзімді „Әр қазағым бауырым" демекші-әр қазағымның Абайды оқығанын қалар едім! -деп қорытындылағым келіп тұр. Абайды оқыған адам жерде қалмайды, өмірде өз орнын табады. Ақ пен қараны ажыратып, жалпыадамдық қасиеттерді түсінеді. Өмірлік мақсатын тауып, қандай қасиеттерден аулақ, қайсысына жақын болу керектігін айқындап, ой түйеді. Абай тек биікке шыңдайды! -деп өз сөзімді аяқтаймын.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором kl 10-22

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

"Абай поэзиясындағы жалпыадамдық құндылықтар көрінісі және ақын ілімі".

Абай Құнанбайұлы - қазақ халқындағы ең беделді ең танымал ақындардың бірі. Оның еңбектері бүкіл әлемге әйгілі. Оның әрбір жазылған сөзінде көп мағына жатуда. Менің ойымша, Абай атамыз сияқты әлемде енбір жан жоқ.

Абай поэзиясындағы басты ерекшелік - ақынның жалпыадамдық құндылықтарына көп мән беруі. Оның қара сөздерінде осыны байқауға болады. Мысалға он жетінші қара сөзін алсақ, бұл жерде ақыл, жүрек, қайрат бір-бірлерімен кімнің маңыздырақ екендігін білу үшін таласуда. Қайрат былай дейді: "Мен күш-жігердің, батылдықтың символымын. Менсіз еш нәрсе орындалмайды, сондықтан мен маңыздырақпын." Ал ақыл былай дейді: "Менсіз адам ақылға келетін шешімдерді қабылдай алмайды, осы себептен мен ең маңыздымын." Жүрек өз кезегінде осыны айтады: "Адам менсіз сүйе алмайды, мен өмірдің патшасымын, мейірімділіктің символымын." Егер адам өз жүрегін тыңдамаса, ол қайрат пен ақылды дұрыс пайдалана алмайды. Абай осы қара сөзі арқылы адам өмірінде осы үш қасиеттің болу қажеттілігін түйіндейді. Қайрат пен ақылдың жүрекке бағынуының, адамның өз жүрегіне құлақ асуының маңызын көрсетеді.

Мен тағы да бір дәлел ретінде Масғұтты ала аламын. Масғұттың алдында үш алма үш таңдау ретінде болды. Ол осы үшеуінен махаббатты таңдады. Осылайша біз Абайға адам бойындағы адамгершілік қасиеті ең маңызды екендігін көре аламыз. Себебі, Масғұт бай болудың орнына махаббатты таңдады. Осындай адамгершілік қасиеті жоқ адам нені таңдар еді? Менің ойымша байлықты, себебі олар тек өз жемісі туралы ойлайды.

Әр пендені Абайдың сөздері үйрете алады. Оған дәлел - мен. Мен өмірімде дәл Абай сияқты жазатын қаламгерді оқымаппын. Оның ілімі арқылы мен көп жақсы нәрселерді үйрендім, тіпті өз бойымдағы адамгершілік қасиетін болудағы маңызын түсіндім. Кейде ойланамын адамның бойында жақсы қасиеттер болмаса, ол адам болып

санала ма? Сондықтан да, Абай қозғаған адамдық құндылықтар мәселелері әлі де біздің өмірімізде көтерілуде. Ақынның әрбір жазған еңбегі адамды терең ойға шомылдырады. Бірақ та оларды көптеген адам түсіне қоймайды.

Қорытындылай келсем, Абай поэзиясындағы жалпыадамдық құндылықтар кең көрініс алады. Әрбір жан өз өмірінде Абайды бір рет қана болса да оқыса, қандай тамаша болар еді деп ойлаймын.